



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

гунтун лии цзици шисянь цзичжи яньцзю (Общий интерес Китая и России в Центральной Азии и механизм его реализации). Пекин, 2014. С. 26-36.

4. 柴利.中国与中亚国家合作析论. Цай Ли. Чжунго юй Чжунъя гоцзя нэньюань хэцзо яньцзю (Анализ сотрудничества Китая и Центральной Азии). Пекин, 2013. С. 82.

5. 赵长庆.中国与中亚国家能源合作研究. Чжао Чаньцин. Чжунго юй Чжунъя гоцзя нэньюань хэцзо яньцзю (Анализ энергетического сотрудничества Китая и Центральной Азии). Пекин, 2012. С.60.

6. Там же.

7. Там же. С.61.

8. Китай и Казахстан опубликовали Совместную декларацию о дальнейшем углублении всестороннего стратегического партнерства // <http://kz.chineseembassy.org/rus/gyzg/t1074170.htm>

ӘОЖ 316.7

КОРЕЯНЫҢ (ҚАЗАҚСТАНМЕН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРДЕ) КӨП МӘДЕНИЕТТІ ҚОҒАМЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Чжунген Пак

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Аймақтану мамандығының
1 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі т.ғ.к., доцент П.Қ.Қилыбаева

Қазіргі тұрғыдан алғанда, халықты ұлт және ұлттық қоғамдастық ретінде байланыстыратын дәстүрлі ұлттық мемлекет тұжырымдамасы қазіргі әлеуметтік және саяси өзгерістерді көрсете алмайды. Жедел географиялық және саяси тектоникалық өзгерістер, бүкіл әлем бойынша иммиграцияға байланысты ауытқулар, этникалық азшылық пен иммигрант топтары және сол сияқты тағы басқа азшылық топтары осыны дәлелдейді. Іс жүзінде, Еуропалық Одақ пен Солтүстік Америка елдері өзара ешқашан біртекті болған емес. Екі мемлекет көп мәдениетті және көпұлтты елдер болып келеді. Олар әртүрлі этникалық және мәдени сәйкестігі бар жеке тұлғалар немесе топтар түрінде ұсынылады.

Бұл құбылысты мультимәдениеттілік терминімен түсіндіруге болады. Жалпы алғанда, мультимәдениеттілік термині «адамзат қоғамының әртүрлілігі, демографиялық және мәдени диверсификация» сияқты әлеуметтік фактілерге көзқарасты білдіреді, бірақ оның мәні мәдениетті түсінуге байланысты түрлі жолдармен өзгертілуі мүмкін.

Канадада, мультимәдениеттілік - кемсітушіліктен қорықпай, иммигранттардың нәсілдік және мәдени ерекшелігін білдіру құқығы, Еуропада ұлттық сәйкестігін білдіру құқығы, АҚШ-та маргиналды әлеуметтік топтардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін нормативтік деп саналатын ұғым[1].

Ал Корей қоғамында мультимәдениеттілік туралы түсінік азаматтық және ұлт ұғымдарымен байланыста болады. Ұлт біріншіден - ұлттық мемлекеттің азшылық тобы болып есептеледі.

Ұлттық тұжырымдамаға жатпайтын барлық нәрселер этникалық деп есептеледі, ұлттық мемлекет ішінде көші-қон құбылыстары арқылы азшылық топтарының саны артып келе жатқандықтан, адамдар «ұлттық дифференциация» феноменін көбірек айтады. Соның нәтижесінде, азшылықтардың өмір сүру салты, оларды қоршап жатқан көпшіліктің көз қарасы бойынша ерекше болып көрінгендіктен бірнеше мәселелер тудыруы мүмкін (Нуо-сік, 2010). Біздің корей қоғамымыз қазіргі уақытта дәл осы жағдайды басынан кешіріп жатыр. Мәдени әртүрлілік тек азаматтық немесе ұлттық тұжырымдама ретінде қарастырылғандықтан, мультимәдениеттілік феномені адамдардың әртараптандыруы немесе шетелдіктердің елге кіретін жағдайымен шектеулі түрде түсінетін болып қалды.

Осындай корей қоғамы көп мәдениетті қоғам түсінігін түрлі мәдениеттерді танып білу

арқылы, мәдени әртүрлілікке ие емес, мультимәдениеттілік тәжірибесіне жете алмайтын түрі бар.

Сонымен қатар, мультимәдениеттілік туралы пікірталас 90-шы жылдардан кейін шұғыл таралуының бір себебі - қоғам мүшелерінің мультимәдениеттілікті қабылдау пікірталас қарқынына жете алмағандығы. Яғни, көп мәдениетті қоғамға өту барысында пайда болған мәселелерді біле отырып, бір мезгілде шешілуі тиіс қос ауыртпалығының болуында.

Ал Қазақстан әр түрлі ұлттар бірге өмір сүріп келе жатқан аймақ болып табылады. Кеңес Одағынан (КСРО) кезеңінен бастап қазақ жерін түрлі ұлттар мекендеген.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін де 130-дан астам этникалық топ бір елде, бірге тату-тәтті өмір сүреді. Оның негізгі себебі - көпұлтты қоғамның тарихи тәжірибесі қазақ халқының мультимәдениеттілік туралы көз-қарасына оңтайлы әсер етуінде деп есептеймін. Бұдан басқа, Қазақстан Үкіметінің «Ұлттық Кеңесі» (Халық ассамблеясы) болуы ұлттық бірлікте маңызды рөл атқарады. Қазақстанда мультимәдениет деген ұғым жоқ, есесіне Қазақстан халқы Ассамблеясы, оның конституциялық құқығы барлығын атап айтуға болады. Бір-бірінің мәдениетіне құрметпен қарап, ортақ Отандарының өсіп-өркендеуіне, балаларының бақытты, баянды өмір сүруіне мүдделі.

Осы тұрғыда, бұл мақала Корея Республикасының көп мәдениетті қоғамға ауысу саясатын талқылағаннан кейін, Кореядағы көп мәдениеттілік санасының болмауын түсіну үшін тарихи себептерін баяндап, Қазақстан тарихындағы көп ұлттылық құрамының негізімен салыстырамын. Халық өздерінің этникалық санасының басталуын білумен бірге қазіргі таңдағы көп мәдениетті сананы дамыту, одан әрі қарай, көп мәдениетті саясатының жаңа жоспарын талқылап, корей қоғамының шынайы мультимәдениеттілікке көшу жолдарын табуға тырысамыз.

1. Кореядағы мультимәдениеттіліктің қазіргі жағдайы

Біздің елдегі шетелдіктер мен иммигранттар саны 2015 жылдың аяғында 1 899 519 адамды құрады, бұл 2014 жылға қарағанда 5,7% -ға (101 901 адамға) артты және соңғы 5 жылда жыл сайын 8,6% -ға артты. Кореяда жалпы халыққа (51 529 338 адам) шетелдіктердің үлесі жыл сайын 3,69% -ға артып келеді (Әділет министрлігінің иммиграция және сыртқы саясат орталығы).

Шетелдіктердің тұрғылықты жері бойынша құрамына қарасақ, шетелдік корейлер (F-4) саны басымды - 328,187 адам(17,3%), жұмысқа тұру мақсатында келгендер (H-2) саны – 285,342 адам(15.0%), кәсіптік емес жұмысшылар(E-9) саны – 276,042 адам(14,5%) болып табылады. Тұрғылықты мекендеу (F-5) мәртебесі бар шетел азаматтар саны 123,255адам(6,5%) және үйленген қоныс аударушылар (F-6) саны 120,485 адамды (6,3%) құрады[2].

Некеге тұруды қамтамасыз ету саясатының негізі болып табылатын «Мультимәдениетті отбасыларды қолдау туралы» заңға сәйкес, үйленген қоныс аударушылар халықаралық неке арқылы Кореяға келіп осында тұратын иммигрант немесе азаматтық алған адамды көрсету қажет. Әділет министрлігінің тұрғылықты мәртебесіне сәйкес 2015 жылдың желтоқсан айына дейін некеге тұру үшін көшіп келушілер (F-6) саны 120,485 адам болды.

2002 жылдан бастап 28% астам жылдық өсу қарқының көрсететін неке иммигранттар, 2007 жылғы «Неке қиюды брокерлік басқару туралы» актісі қабылданып, 2014 жылы некеге тұруға арналған визаның өсу қарқыны халықаралық некеге шығу визаларын беру сараптамасын күшейту және некеге тұрудың халықаралық бағдарламаларын міндетті тіркеуді қамтамасыз ету нәтижесінде 0,7% -ға дейін қысқарды. Аймақ бойынша алып қарасақ, Қытай (38,8%), Вьетнам (26,9%), Жапония (8,5%) және Филиппиндер (7,5%). Жыныс бойынша әйелдер саны 128,336 барлығы 84,6% болды [3].

2015 жылдың шілде айынан бастап мультимәдениетті отбасылар саны, соның ішінде некеге келген қоныс аударушылар, олардың жұбайлары және олардың балалары шамамен 820,000 адамды құрады, және осы сан жыл сайын тұрақты өсіп, 2020 жылға қарай 1 миллионға жетеді деген болжам бар. 2015 жылғы шілде айындағы жағдай бойынша 305,446 тұрмысқа шыққан көшіп келушілердің ішінде, когнитивтік және натуралдандырылған

тұлғалар бар, оның ішінде 147,382 адам үйленген некелік иммигрант және 92,316 адам некеде тұратын азаматтар. Сонымен қатар, Мультикультуралы отбасыларды қолдау туралы заңға енгізілген түзетулерге байланысты (2011 жылғы 4 сәуірде қайта қаралған, 2011 жылғы 5 қазанда күшіне енген), 2012 жылдан бастап некеге байланысты азаматтық алған адамдардан басқа, сондай-ақ басқа да себептермен азаматтық алған адамдар көп мәдениетті отбасылар құрамына кіре алады.

2. Корея үкіметінің мультимәдениеттілік туралы түсінігі

Ең алдымен, біздің қоғамда кеңінен қолданылатын «мультимәдениеттілікті» зерттеу қажет. Бастапқыда мультимәдениеттілік - бұл мәдени саясатта әртүрлі мәдениет мүшелері үйлесімді түрде қатысатын, өз мәдениетін сақтап, басқа да мәдениеттерді құрметтейтін әлеуметтік идеология. Тұтастай алғанда, ол «бір елдегі бірнеше топтардың бейбіт қатар өмір сүруі мақсатында түрлі елдердің, халықтардың және мәдениеттердің арасындағы бейбіт қатар өмір сүруге жәрдемдесу идеясы» ретінде анықталады. Басқаша айтқанда, мультимәдениеттілік - бұл ұлттық қоғамның бірлесуін қолдайтын, саяси, әлеуметтік, мәдени және тілдік теңсіздікті жоюға тырысатын идеология. Әр халықтың қоғамдастығын мойындап, біртұтастықты сақтайтын және нығайтатын түрлі іс-шараларды қолдайтын идеология [4].

Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстанда үлкен өзгерістер орын алды. Оң өзгерістердің қатарындағы ең маңыздыларының бірі - конфессияаралық және ұлтаралық қатынастардың басты назарға алынуы. Қазақстандағы барлық ұлттар мен этностардың ұзақ жылдар біте қайнаса өмір сүруінен қалыптасқан бұл қатынастар көпғасырлық дана тәжірибеге сүйене отырып дамуда. Осылайша еліміздің ұлтаралық қатынастар саласында жүргізіліп отырған мемлекеттік саясаты барлық этникалық топтардың дамуына қолайлы жағдай туғызып отыр.

Алайда, Корея жоғарыда айтылғаннан өзгеше жағдайға ие. Көпмәдениет жағдайына енді енді бейімделу сатысында тұр. Біздің мемлекет көп мәдениетті қоғамға көшкен соң пайда болған заңның атауы «көп мәдениетті отбасын қолдау заңы» деп аталады. Бұл заңда айтылып кеткен «көп мәдениетті отбасы» тек некедегі көшіп келушілер немесе Кореялық азаматтығы бар адаммен отбасылық қарым-қатынаста болатын натуралданған корейлермен шектеледі. Яғни, мигранттар, халықаралық студенттер, қашқындар, шетелдік корейлер, және т.б. олардың қатарына жатпайды.

Әрине бұларға да арналған «Кореяда шетелдіктерге қатысты негізгі заң» бар. Заңға сәйкес Кореядағы шетелдіктер заңды түрде Кореяда тұратын шетелдіктер болып табылады. Сондықтан, еңбек мигранттар, қазіргі уақытта 20 миллион адам бар. Кореяда тұратын азамат болса да, Кореядағы отбасылық жүйеден тіркелмеген барлық шетелдіктер қысқа мерзімнен кейін өз елдеріне қайтып оралатын азаматтар болып саналады, олардың кейбірі тіпті тиісті заңдарға кірмейді. «Кореядағы шетелдіктерге қатысты негізгі заңдағы» шетелдіктер саясаты «Корея Республикасына көшкісі келетін шетелдіктер үшін уақытша және тұрақты әлеуметтік мүшелік біліктілігін қамтамасыз ету саясаты, немесе осындай Кореяда өмір сүру үшін барлық қажетті жағдай жасау, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени аспектілерінде көмек беру саясаты» болып табылады. Олар қоғамымыздың мүшелері ретінде танылады, бірақ олардың азаматтығы басқа болғасын олар біздің елден тыс адамдар деп есептеледі. Хо Ен Сик (2010 ж.) айтуы бойынша, шетелдіктің мәртебесін сипаттау бұл теңсіздікке әкеледі. Олар шетелдіктердің заңдары үшін азаматтығын толық көлемде жүзеге асыра алмай, арнайы ережелерді сақтауға тиіс. Әсіресе, өмірдің негізгі бағыттарында (иммиграция, мекен, отбасылық көші-қон, еңбек нарығы, демалыс мерзімі және т.б.) қатысты арнайы өкілеттіктер бар. Бұл, әрине, халықаралық құқықтың рұқсат етілген бөлігі. Алайда, олардың тұру мерзімі ұзартылса да, иммигрантты шетелдіктер деп атайтыны - иммигранттың азаматтығы жоқ ұлт, бұл әлеуметтік жағдайға қарама-қайшылыққа әкеледі.

Атап айтқанда, бұл ұлттық деңгейдегі құқықтық теңсіздікті жою проблемалы болып табылады, өйткені ол оларды мультимәдениеттілік пен көп мәдениетті саясат шеңберінен шығарып тастайды, олар әлеуметтік интеграция механизмдері болып табылады. Жоғарыда айтылғандай, мемлекет басшылығымен «көпұлтты отбасы» терминін ресми түрде қолданған

құбылыс, көп мәдениетті саясатты алға жылжытуда және мультимәдениеттілікті түсінудегі тұжырымдамаларды түсіндіруде көп мәдениетті саясатқа кедергі келтіруі мүмкін [5]. «Мультимәдениетті отбасы» көп мәдениетті қоғамға жақындайтын кілт сөз ретінде таңдалып алынған және көптеген мәселелерді «көп мәдениетті отбасы» жағдайында шешуге тырысатын бірқатар үдерістер дәлелденді. Нәтижесінде, отбасылық жүйеден тыс әртүрлі мәдениеттер Корея шақырған көп мәдениетшілдікке ене алмайды және әлі де сыртында мәдениет пен біртұтас мәдениет қалдырады.

Үкіметтің мәдени саясаты 1996 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік тиесілігін қалыптастыру концепциясын ұсынды. 1995 жылдың наурыз айында ҚР Президентінің жарлығымен Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылды. Осыған байланысты тіл мен білім, мәдени мұраларды сақтау, бұқаралық ақпарат құралдарымен үйлесімділік, миграция мәселелері мен сыртқы байланыстар, ұлттық саясат концепцияларын дайындау, сонымен қатар, ұлттық мәдени орталықтар мен кіші ассамблеялар істері мен мәселелері жөнінде комиссиялар құрылды. Елімізде біртұтас әлеуметтік мәдени кеңістік қалыптастыру азаматтық идентификация мәселесін күн тәртібіне қойды.

Қазақстан Президенті еліміз 100-ден аса этнос пен 17 конфессия өкілдерінің жайлы өмір сүруіне барлық жағдай жасалған заманауи әрі қауіпсіз ортақ шаңырақ болып отырғанына назар аударды[6].

Қазақстанда әрбір этностың өз тілі мен мәдениетін сақтауына және дамытуына барлық жағдай жасалған. 22 этностың тілі жеке пән ретінде мектептерде оқытылады. 100-ге жуық мектепте сабақ өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізіледі. Этникалық ақпарат құралдарын қолдау үшін мемлекеттен арнайы қаржы қарастырылған және ол соңғы жылдары 4 есеге көбейтілді. Әртүрлі этностардың ұлттық театрларын, жалпы мәдениетін қолдауды да мемлекет ұмытқан емес.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Астанада өтіп жүрген Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері соның айғағы. Мультимәдениет идеясы – Еуропа туындысы. Канада мен АҚШ-та мультимәдениет өзінің жемісті жолын жалғастыруда деп келген, кәрі құрлықта да осы идея құнарлы топыраққа түсіп, бітік өнім береді деген Батыс қазір одан айнып қалғандай. Еуропаның ірі қалаларына жұмыс іздеп, жайлы орын таппақ ниеттегі шетелдіктердің шоғырланып бір жерге орналасуы олар үшін алыста жатқан тарихи отанмен байланыстай көрінді. Себебі, сол ортада ол өзінің туған тілінде сөйлеуіне, мәдениеті мен салт-дәстүрлерін сақтап қалуына мүмкіндік бар еді. Тіпті, Еуропаның ішінде тұрып-ақ қаланың өзге аудандарымен араласпай-ақ тіршілік етуге, сол жерде түрлі қызметтер атқаруға болатындай жағдай туды. Батыс мұндай қалыпты мультимәдениет деп, яғни өзгешелікті ортада өз бейнесін сақтап қалуға қолайлы жағдай туғыздық деп оны артықшылыққа балады [7]. Академик Әбдімәлік Нысанбаевтың айтуынша, қазір мультимәдени қоғам құруда ұлттық құрылысы аяқталған елдердің өзінде оған деген қарсылық күшейіп келе жатыр. Өйткені онда басқа елден қоныс аударып келген өзге ұлт өкілдері жергілікті халықпен ықпалдастыққа онша түспей жатыр [8].

Қазақстанның ұлтаралық әрі конфессияаралық бірлік пен келісім моделі ретінде әлем елдеріне үлгі. Қазақстандағы бейбітшілік пен келісім, мәдениет пен діндер сұхбаттастығы әділ түрде әлемдік эталон ретінде танылды. Қазақстан Халық Ассамблеясы мәдениеттер сұхбаттастығының бірегей еуразиялық моделіне айналды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Will Kymlichka, Korean relations in post Soviet times with Kazakhstan 2010, 193p
2. Әділет министрлігі Иммиграция және Сыртқы саясат Бюросы, 2016: 41.
3. Әділет министрлігінің Иммиграциялық саясат басқармасы, 2016: 48-51.
4. Шим, Вечерняя Астана, 2009, www.astanatimes.kz
5. Ким Сон Ми Казахстанская правда 2011.
6. Мемлекет басшысы Қазақстан Халқы Ассамблеясының тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған «Біздің күшіміз – бірлікте» атты республикалық форумына қатысты

//<http://presidentlibrary.kz/kk/node/321>

7. Төлеуханқызы Анар. Мультимәдениет және біздің қоғам // <https://egemen.kz/article/multimadeniet-zhane-bizdin-kogam>

8. Еуропада мультимәдени қоғам үлкен дағдарысқа ұшырауда - академик Ә. Нысанбаев // http://www.inform.kz/kz/europada-mul-timadeni-kogam-ulken-dagdaryska-ushyrauda-akademik-a-nysanbaev_a2511333

УДК 339.9

ПРОБЛЕМЫ СОПРЯЖЕНИЯ ЭКОНОМИЧЕСКОГО ПОЯСА ШЕЛКОВОГО ПУТИ И ЕАЭС

Чэнь Ци

chenqichenqi@mail.ru


Магистрант 2 курса, Томского Государственного Университета, Томск, Россия
Научная руководитель - Данков Артем Георгиевич

В рамках Экономического пояса Шёлкового пути уже достигнуты первые результаты в сотрудничестве с Россией и странами Центральной Азии. Например, активно развивается инвестиционное сотрудничество; достигнуты "прорывные успехи" по ряду крупных проектов, особенно в сфере энергоресурсов, в строительстве инфраструктурных объектов. Вместе с успехом проявились и некоторые проблемы. Для дальнейшего развития проекта, необходимо исследовать проблемы и трудности сопряжения ЭПШП и ЕАЭС.

Проблемы вызываемые ЕАЭС

Во-первых, существует большая разница уровней экономики между членами ЕАЭС и Китаем. Этим странам легко подвергнуться пассивному торговому балансу.

Динамика внешней торговли ЕАЭС с Китаем, 2007–2014 гг., млрд долл.[1].



Китай является одним из важнейших внешнеторговых партнеров Евразийского экономического союза. С 2007 г. экспорт из ЕАЭС в Китай вырос с \$26,9 млрд. до максимального значения \$59,6 млрд в 2012 г., потом в 2014 г. он снизился и составил \$52,3 млрд. а разница экспорта и импорта становится больше и больше.

Удельный вес Китая во внешней торговле ЕАЭС и ЕАЭС во внешней торговле Китая (2001–2014 гг.), %